

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2006 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын сатып алуға субсидиялар төлеу ережесін және Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді 2006 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отынымен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 6 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2006 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын сатып алуға субсидиялар төлеу ережесі және Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді 2006 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отынымен қамтамасыз ету ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 6 қ а ң т а р д а ғ ы

N 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге 2006 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын сатып алуға субсидия төлеу ережесі

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2006 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Ауылшармині) 009 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға арналған мақсатты ағымдағы трансферттер" бағдарламасының 104 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті тауар-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялауға ағымдағы мақсатты

трансферттер" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге 2006 жылдың көктемгі егісі мен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын сатып алуға субсидия төлеу тәртібін белгілейді.

2. Субсидия отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі - ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер) 2006 жылдың күздік дақылдарын өсіру, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті дизель отынын сатып алуға байланысты шығындарды ішінара өтеуге арналған.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 580 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге субсидия төлеу технологиялық карталарға сәйкес, ауыл шаруашылығы өндірісінің даму ерекшеліктерін және 1 гектарға дизель отынының шығысы нормативтерін негізге ала отырып, дизель отынының Ауылшармині белгілеген субсидия нормасы бойынша бүкіл бекітілген көлеміне жылына бір рет жүзеге асырылады.

4. Ағымдағы жылдың ауыл шаруашылығы өнімдерін алу үшін ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге субсидия төлеудің негізгі өлшемі болып табылады.

II. Субсидия төлеу тәртібі

5. Ауылшармині бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде субсидиялаудың облыстар бойынша бекітілген көлеміне сәйкес және 2006 жылға арналған қаржыландыру жоспарларына сай облыстық бюджеттерге мақсатты ағымдағы трансферттерді аударады.

6. Облыстық бюджетті мәслихат бекіткен соң екі апта мерзімде, облыс әкімі ауыл шаруашылығы өндірісінің басымдығын негізге ала отырып және аудандар бойынша дизель отынының бекітілген көлеміне сәйкес облыс бойынша субсидиялаудың бекітілген көлемі шегінде аудандар бойынша субсидия көлемін бекітеді және ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша 1 гектарға арналған субсидияның н о р м а с ы н а н ы қ т а й д ы .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 580 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің субсидия алуға арналған жиынтық тізімін (бұдан әрі - Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің тізімі) айқындау үшін әрбір ауданда аудан әкімінің шешімімен аудан әкімінің, ауданның ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдерінің, аудандық салық комитетінің, статистика басқармасының, Ауылшарминінің аумақтық басқармасының және қоғамдық ұйымдардың (ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қауымдастығы немесе

басқа) қызметкерлері құрамындағы ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - ВАК) құрылады. Бұл ретте аудан әкімі ВАК-тың жұмысын "бір терезе" қағидаты бойынша қамтамасыз етуге міндетті.

8. Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі ВАК-тың жұмысшы органы болып табылады.

9. ВАК-тың жұмысшы органы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден құжаттар қабылдау мерзімін, өзге де қажетті мәліметтерді көрсете отырып, ВАК-тың жұмыс істеу тәртібін жергілікті ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етеді.

10. Сатып алынған және қолданылған дизель отынына субсидия алу үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер көктемгі дала жұмыстары аяқталғаннан кейін, ал күздік дақылдар жөнінде нақты өскін бойынша бес жұмыс күні ішінде ВАК-қа осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді және мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

заңды тұлғаны тіркеу туралы құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін - әкімнің шаруа қожалығын құруға арналған шешімінің көшірмесі);

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне құқық белгілейтін қ ұ ж а т т ы ң к ө ш і р м е с і

Қазақстан Республикасы салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі;

статистикалық картаның көшірмесі;

дизель отынын жеткізу шарты, шот-фактура, төлем құжаттары, тауар-көлік құжаттары және өзге де растайтын құжаттар; б а н к д е р е к т е м е л е р і .

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 580 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу мерзімдері субсидияланатын ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша әр өңірге арналған ғылыми негізделген оңтайлы агротехникалық мерзім ретінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ғылыми өндірістік орталықтарының ұсынымдары негізінде айқындалады.

12. ВАК ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден өтінімдер түскеннен кейін екі апта мерзімде күздік дақылдарды қоса алғанда, егістікті қабылдауды жүргізеді және осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасайды. Егістікті қабылдау актісі екі данада жасалады, біреуі ауыл шаруашылығы тауарларын ө н д і р у ш і д е қ а л а д ы .

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 580 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің тізіміне енгізуді күздік дақылдарды қоса алғанда, егістікті қабылдау актісіне сәйкес ВАК жасайды. Тізімге енгізуден бас тартылған жағдайда жұмысшы орган ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге себебін көрсетіп тиісті анықтама береді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 580 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. ВАК ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер жұмысшы органға өткізген құжаттарды тексереді және егістікті қабылдау актісінің негізінде соңғы егістікті қабылдау жүргізілгеннен кейін күздік дақылдарды қоса алғанда, бес жұмыс күні ішінде осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің субсидия алуға арналған жиынтық тізімін жасайды және аудан әкіміне бекітуге жібереді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 580 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Аудан әкімі екі жұмыс күні ішінде Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің тізімін бекітеді.

16. Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі үш жұмыс күні ішінде аудан әкімі бекіткен Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің тізімін, сондай-ақ субсидия төлеудің негізділігін растайтын құжаттарды облыстың бюджеттік бағдарламасы әкімшісіне (облыс әкімінің ауыл шаруашылығы департаменті/басқармасы) ұсынады, ол он жұмыс күні ішінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің бекітілген тізіміне сәйкес субсидия төлеуді жүргізеді.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органына төлем шотын, Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің бекітілген тізімін және субсидия төлеудің негізділігін растайтын құжаттарды ұсынады.

17. Аумақтық қазынашылық органға ұсынылған Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің бекітілген тізімінің, сондай-ақ субсидия төлеудің негізділігін растайтын құжаттардың дұрыстығы үшін Облыстың бюджеттік бағдарламасы әкімшісі жауапты болады.

18. Облыс әкімі 25 шілдеге дейінгі мерзімде сомасын және бекітілген субсидиялау көлемі орындалмаған жағдайда себептерін көрсете отырып, Ауылшарминіне облыс бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге төленген субсидияның көлемі туралы мәлімет береді.

19. Қандай да бір аудандарға бөлінген қаражат толық игерілмеген жағдайда облыс әкімі оны заңнамада белгіленген тәртіппен басқа дақылдарды субсидиялауға жіберуі

және оларды облыс бойынша субсидиялаудың бекітілген көлемі шегінде қайта бөлуі мүмкін.

20. Қандай да бір облыс бөлінген қаражатты толық игермеген жағдайда, Ауылшармині заңнамада белгіленген тәртіппен 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде субсидияларды облыстар бойынша қайта бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді.

21. Қайта бөлінген сомалар есебінен субсидия төлеу рәсімі осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Облыс әкімі субсидиялар төленгеннен кейін бес күн мерзімде Ауылшарминіне қайта бөлінген қаражат есебінен облыс бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге төленген субсидия көлемі туралы мәлімет береді.

23. 2006 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын субсидиялауға бөлінген бюджеттік қаражаттың тиімді, нәтижелі және мақсатты пайдаланылуына Ауылшармині, облыстардың және аудандардың әкімдері жауапты болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 6 қаңтардағы
N 6 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді 2006 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отынымен қамтамасыз ету ережесі

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді дизель отынымен қамтамасыз етудің мынадай тәртіптерін:

облыстардың дизель отынына қажеттілігін және 2006 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін республикадағы мұнай өңдеу зауыттарынан оның сатылу бағасын белгілеу тәртібін;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің дизель отынын алуға арналған тізімін айқындау тәртібін;

дизель отынын жеткізуді, сақтауды және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді онымен қамтамасыз ету үшін қаржылық жағынан тұрақты құрылымдар ішінен операторларды (бұдан әрі - операторлар) белгілеу тәртібін айқындайды.

II. Облыстардың дизель отынына қажеттілігін айқындау

2. Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині):

облыс әкімдерімен бірлесіп, күтілетін ауыл шаруашылығы жұмыстарының көлемін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиялық карталарына сәйкес дизель отынының көлемін айқындайды;

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен, негізгі мұнай өнімдері ресурстарын ұстаушылармен және мұнай өңдеу зауыттармен бірлесіп дизель отынының көлемін белгілейді және облыстарды мұнай өңдеу

зауыттарына шартты түрде бекітуді жүргізеді.

3. Облыс әкімдері ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың басымдығы мен ерекшеліктерін ескере отырып, дизель отынының көлемін аудандар арасында бөледі.

III. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің дизель отынын сатып алуы

4. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер дизель отынын Қазақстан Республикасының негізгі мұнай өнімдерінің ресурсын ұстаушыларынан, мұнай өндіру компанияларынан, мұнай өңдейтін зауыттарынан және/немесе еркін рынокта өз бетімен сатып алады.

5. Дизель отынын облыс әкімі құрған конкурстық комиссия белгілеген операторлардан сатып алған жағдайда, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер аудан әкіміне тиісті өтінім береді.

Дизель отынын сатып алуға арналған өтінімге ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мынадай құжаттар пакетін қоса береді:

занды тұлғаны тіркеу туралы құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін - аудан әкімінің шаруа қожалығын құру жөніндегі шешімінің көшірмесі);

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

Қазақстан Республикасы салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі;
статистикалық картаның көшірмесі.

Дизель отынын алатын ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші ол үшін жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын немесе қызметі жерді ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін пайдаланумен байланысты болатын жеке немесе заңды тұлға болуы тиіс.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 580 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Аудан әкімінің ауыл шаруашылығы бөлімі берілген өтінімнің негізінде дизель отынын алу үшін олардың көлемі көрсетілген ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің дизель отынын алуға арналған тізімін жасайды және оны әкімге бекітуге ұсынады. Бұл ретте дизель отынының көлемі технологиялық карталарға сәйкес 1 гектарға дизель отынының шығыс нормативтеріне сәйкес айқындалады.

7. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің дизель отынын алуға арналып бекітілген тізімі облыс әкімінің облыстық ауыл шаруашылығы департаментіне жіберіледі.

8. Облыстық ауыл шаруашылығы департаменті қалыптастырған және бекіткен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің дизель отынын алуға арналған тізімі

жеткізілімдерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Ауылшарминіне, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне және мұнай өңдейтін зауыттарға жіберіледі.

IV. Дизель отынын жеткізу жөніндегі операторларды белгілеу

9. Операторларды белгілеу мақсатында облыс әкімі конкурстық комиссия құрады, оның құрамына Ауылшарминінің, қоғамдық ұйымдардың (ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер қауымдастығы немесе тағы басқа) өкілдері кіреді.

10. Конкурстық комиссия дизель отынын жеткізуді, сақтауды және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге босатуды қамтамасыз ету үшін қаржылық жағдайы тұрақты құрылымдардың ішінен операторларды іріктеу жөнінде конкурс ө т к і з е д і .

Операторларды іріктеу облыс әкімі әзірлеген және Ауылшарминімен келісілген өлшемдерге сәйкес жүргізілуі тиіс.

11. Операторлар өздерінің қаржы қаражаты есебінен:

Қазақстан Республикасының бекітілген мұнай өңдейтін зауыттарынан немесе еркін рынокта дизель отынын сатып алуды;

облыс әкімі өткізген конкурстың қорытындысы бойынша айқындалған бағада дизель отынын жеткізуді, құюды, сақтауды, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге босатуды жүзеге асырады.

12. Облыстардың және аудандардың әкімдері дизель отынын алу тетігін, операторлардың тізбесін және олардың дизель отынына арналған босату бағаларын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етеді.

13. Дизель отынының мақсатты пайдалануын бақылау облыстың және ауданның тиісті әкіміне жүктеледі.

14. Осы Ереженің орындалуын бақылау Ауылшарминіне жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 6 қаңтардағы

№ 6 қаулысына

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. № 580 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ ауданының

ведомствоаралық комиссиясына

**2006 жылы ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуге
сатып алынған дизель отыны үшін субсидия алуға өтінім**

1. _____ негізінде әрекет ететін
(құрылтай құжаты)

(Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші)
атынан бірінші басшы _____
(Т.А.Ә., лауазымы)

осы арқылы көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге сатып алынған және пайдаланылған
әрі күзгі дала жұмыстарын жүргізуге қажетті тонна мөлшеріндегі дизель отынына
субсидия бөлу туралы мәлімдейді.

Сатып алынған және сатып алынатын дизель отыны ауыл шаруашылығы өнімін өндіру
үшін ғана пайдаланылады.

2. Пайдалану мақсатының қысқаша сипаттамасы: _____

3. Өтінімге мыналар қоса беріледі:

заңды тұлғаны тіркеу туралы құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін әкімнің
шаруа қожалығын құруға арналған шешімнің көшірмесі)

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне құқық белгілейтін
құжаттың көшірмесі;

Қазақстан Республикасы салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі;

статистикалық картаның көшірмесі;

дизель отынын жеткізу шарты, шот-фактура, төлем құжаттары, тауар-көлік
жүкқұжаты және басқа да растайтын құжаттар;

банктік деректемелер.

Ауыл шаруашылығы тауарын
өндірушінің заңды мекен-жайы және
банктік деректемелері: _____

(Т.А.Ә., қолы, мөр)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 6 қаңтардағы

№ 6 қаулысына

2 - қосымша

"Бекітемін"

Аудан әкімі

_____ (қолы, _____ мөрі, Т.А.Ә.)

2006 ж. "____" _____

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушінің егісті қабылдаудың

200____жылғы "____" _____ N _____ АКТІСІ

Біз, төменде қол қоюшылар

ВАК төрағасы _____

(ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

ВАК мүшелері _____
(ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

(ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

(лауазымы, Т.А.Ә.)

бір тараптан және _____
(ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушінің атауы)
басшысы, екінші тараптан _____

(ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушінің атауы)
200__ж. "___"____N___ жеткізу шарты бойынша _____ тонна
мөлшеріндегі дизель отыны сатып алынған туралы осы актіні жасадық,
ол мына мақсаттарға жұмсалады:

_____ га, алаңға егіс алқабы (кадастр N) _____

(дақыл, мерзімі, жұмсау нормасы)

ВАК төрағасы _____
(ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

ВАК мүшелері _____
(ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

(лауазымы, Т.А.Ә.)

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші: _____
(қолы, мөрі, Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 6 қаңтардағы

N 6 қаулысына

3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.06.27. N 580 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

" Б е к і т е м і н "

А у д а н ә к і м і

(қолы, мөрі, Т.А.Ә.)

2006 ж. " ____ " _____

Субсидия алатын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жиынтық тізімі

Р/с N	Шаруашылықтардың атауы	Күздік дақылдарды қоса алғанда ВАК актісімен қабылданған егіс алаңы, га	Дақылдардың түрлері бойынша 1 га-ға дизель отыны шығысының нормативі, кг/га	Күздік дақылдарды өсіру, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажеттілігі, тонна, (3-бағ. х 4-бағ.)	1 гектарға арналған субсидияның нормасы,* теңге	Төленуге тиіс субсидияның көлемі, теңге (3-бағ. х 6-бағ.)
1	2	3	4	5	6	7

* - ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша 1 гектарға арналған субсидияның нормасын облыс әкімі белгілейді

ВАК төрағасы _____ аудан әкімінің ауыл шаруашылығы бөлімі
(қолы, Т.А.Ә.) _____

ВАК мүшелері _____ (қолы, Т.А.Ә.)
(қолы, Т.А.Ә.) _____

(қолы, Т.А.Ә.) М.О. _____